



«Бекітемін» Анф
Сарысай орта мектебі КММ
директоры :Нурмуханов Н.С.
«__27__» тамыз 2021ж

«Келісемін» ТТ
Оқу ісінің меңгерушісі: Таласбаева Т.Т.
«__30__» тамыз 2021ж

Бірлестік отырысында қаралды АБ
ӘБ жетекшісі: Бухарбаева А.Б.
«__31__» тамыз 2021ж

11-сыныпқа арналған «Абайтану»

Пән мұғалімі: Саудина А.Т.

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

«Абайтану» курсы Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы заңдылық. Ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз болмақ.

Жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарындағы 11-сыныпқа арналған «Абайтану» курсының жылдық оқу бағдарламасына 34 сағаттан бөлінген. Оның 31 сағаты бағдарламадағы материалдарды оқуға, 2 сағаты шығармашылық жұмыстарды орындауға, 1 сағаты пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қорытындылауға беріледі.

«Абайтану» бағдарламасы мектеп оқушыларына Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын жан-жақты саралай отырып, терең ұғындырып, Абайтанудың тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін танып білуге баулады.

Тақырыптардың өзара сабақтастығы, мазмұны жағынан топтастырылуы, жалғастығын табуы курстың басты ұстанымы етіп алынған.

Курсты оқытудың мақсаты: ұлы ақын шығармалары арқылы елжанды, ұлттық идеологияны бойына сіңірген, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын тұлға қалыптастыру.

Курсты оқытудың міндеттері:

- қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану;
- ақын шығармашылығындағы тұлға концепциясына қатысты өзекті мәселелерді айқындау;
- ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын үлгі ету;
- ақынның қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту;
- ақынның туындыларын оқыту арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, автордың ұстанымын түсінуге баулу;
- Абайдың ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы айтқандарын оқыту арқылы жастарды өмірден өз орнын табуға шақыру.

Курс жүктемесінің көлемі:

11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістігін ағымдық бағалау, сондай-ақ емтихан жүргізілмейді.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық. Бағдарламада:

1. Абай мұрасының XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылды;
2. Ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілді;

3. Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды;

4. Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына көңіл бөлінді;

Бағдарлама Абай Құнанбайұлының:

- қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын;
- ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігін;
- шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуын және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғандығын;
- Абайдың әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін;
- Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын таныту.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

11-сыныптардың соңында оқушылар:

- 1) ақын өмір сүрген дәуірді және халық ауыз әдебиеті шығармаларын оқып, үлкендерден естіп, жадына тоқығандығын білуі;
- 2) шығыс, батыс және орыс әдебиеттерінің інжу-маржандарын оқып танысқандығын білуі;
- 3) ақын мұраларының зерделенуі мен абайтану ғылымының қалыптасу тарихын, кезеңдерін білуі;
- 4) ғұлама ойшылдың ғылым, білім, өнер, ел билеу, тарих, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, табиғат көрінісі, махаббат, діни таным тақырыбында және сыншылдық көзқараста жазылған философиялық қарасөздерінің, өлеңдерінің, поэмаларының, аудармаларының мән-мағынасын, маңызын түсінуі;
- 5) ақынның ән мен күй өнері хақындағы пайымдауларын түсінуі;
- 6) қазіргі абайтану ғылымының даму бағыттарын, абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы екендігін білуі;
- 7) Абайдың «Толық адам» философиясы мен «Иманигүл», «Хауас», «Жәуанмәртлік» ілімдері туралы білулері;
- 8) ұлы ақынның философиялық ақыл-нақыл сөздерінің маңыздылығын, мән-мағынасын түсінуі;
- 9) ақынның қазақ поэзиясына енгізген жаңалығын, аудармашылық шеберлігін танып білуі;
- 10) абайтану бойынша курс жұмыстарын, ғылыми жобалар жаза білуі;
- 11) абайтануға қатысты ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білуі;
- 12) оқушы өзіне қажетті материалдарды интернет арқылы тауып, пайдалана білуі;
- 13) Абай атымен байланысты ғылым және өнер ордаларымен шығармашылық қарым-қатынасқа түсе білуді меңгерулері тиіс.

Оқушылардың «Абайтану» курсы таңдау пәні бойынша игерген білімдерінің нәтижелері:

- 1) Абай шығармаларының зерттелуін және ақынның өлең, қарасөз, поэма жазудағы суреткерлік өнері мен аударма жасаудағы шеберліктерін білуі;
- 2) өлеңдері, қарасөздері, поэмалары, аудармаларының тақырыбын, идеялық негізін, маңызын талдай отырып, суреттеу шеберлігін айқындай алуы;
- 3) философиялық тұрғыдан жазылған қарасөздерінің тақырыптарын, ондағы авторлық ұстанымдарды және маңызын көрсете білуі;
- 4) ақын аудармаларының ұлттық көркем ойды байытып, шағын уақиғалы поэма жазудағы шеберлігін білу

11 сынып
Аптасына – 1 сағат, жылына – 34 сағат

№	№	Тақырыптар	С/с	Мерзімі	Қосымша	Ескерту
I жартыжылдық, 16 сағат						
I тоқсан, 8 сағат						
1	1	Кіріспе. «Абайтану» курсы туралы түсінік	1	08.09		
2	1	Қазіргі абайтану мәселелері	1	15.09		
I.		«Білімдіден шыққан сөз»	2		Білім, өнер туралы мақал-мәтелдер	
3	1	Оқу, білім, ғылым турасындағы туындылары	1	22.09		
4	2	«Өзіңнен өзің есеп ал»	1	29.09		
II.		«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»	7			
5	1	«Осы мен өзім қазақпын»	1	06.10		
6	2	«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»	1	13.10		
7	3	«Жақсылық өзі тұрмайды»	1	20.10	Философиялық тұжырымдар	
8	4	«Бөтен елде бар болса»	1	27.10		
II тоқсан, 8 сағат						
9	5	«Сегіз аяқ» өлеңі	1	10.11		
10	6	«Ішім өлген, сыртым сау»	1	17.11		
11	7	«Қажымас дос халықта жоқ» өлеңі	1	24.11		
III.		«Абай - сатирик»	4		Сатира	
12	1	«Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың»	1	08.12		01.12 (08.12)
13	2	«Көзінен басқа ойы жоқ», «Менсінбеуші ем наданды»	1	08.12	Ирония	
14	3	«Бойы бұлған»	1	15.12		
15	1	Шығармашылық жұмыс	1	22.12	«Қарасөздер» жинағы	
16	4	Қырық бірінші қарасөз.	1	29.12		
III тоқсан, 10 сағат						
IV.		«Махаббатсыз дүние бос»	4			
17	1	«Қор болды жаным», «Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол	1	12.01	Махаббат лирикасы	
18	2	«Сен мені не етесің»	1	19.01		
19	3	«Білектей арқасында өрген бұрым»	1	26.01		
20	4	«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»	1	02.02		
V.		«Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ»	6		Сопылық ілім	
21	1	«Өзін таныған Алланы таниды»	1	09.02		
22	2	Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йасауи және Абай үндестігі	1	16.02	Жүсіп Баласағұн	
23	3	«Толық адам» ілімі	1	23.02		
24	4	Абай іліміндегі «Хауас» мәселесі	1	02.03		
25	5	«Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» -қарасөздердегі діни танымдар	1	09.03	Ахмет Йасауи	

26	6	«Осы үш сүю болады имани гүл»	1	16.03		
IV тоқсан, 8 сағат						
27	7	«Иманигүл» философиясы	1	06.04		
VI.		«Қазақтың бас ақыны»	5			
28	1	А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласы	1	13.04	«Қазақтың бас ақыны»	
29	2	Абай өлеңдерінің тілі	1	20.04		
30	3	Абайдың қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтары	1	27.04	Өлең құрылысы	
31	4	Абайдың ақындық мектебі	1	04.05		
32	5	Абайдың таланты шәкірттері	1	11.05	Шәкірттер	
33	2	Шығармашылық жұмыс	1	11.05		
34	1	Қорытынды	1	18.05		
Барлығы			34			

Қолданылатын әдебиеттер тізімі:

- 1.М.Бейсенбаев «Абай және оның заманы» Алматы «Жазушы», 1988ж
2. Абай « Шығармаларының екі томдық толық жинағы» Алматы «Жазушы» 2005ж
- 3.М.О.Әуезов «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» Алматы «Ғылым» 1988ж
- 4.М.О . Әуезов « Абай жолы» 4том,Алматы Жазушы 2007ж
- 5.Абай туралы естеліктер,Семей 2010ж
- 6.Қ.Мұқамедханов « Абай мұрагерлері» Алматы «Атамұра»1995ж
- 10.М.Мырзахметұы « Әуезов және Абай» Аламаты «Қазақстан» 1997ж
- 11.М.О.Әуезов « Абайды білмек парыз»